



Серіктестерге қызмет көрсету шартына

№ 2 қосымша

Электрондық қызметтер

1. Қызметтің мәні

1.1. Осы Қосымша Банк пен Серіктестің арасындағы Электрондық қызмет көрсету бойынша қатынастарды реттейді және қызметті ұсынудың жалпы талаптары мен тәртібін айқындайды. Осы Қосымшаның және Серіктестерге БҚКШ талаптары Электрондық қызмет көрсету шарты болып табылады.

1.2. Серіктестің осы Қосымшада көзделген, Электрондық қызметті алуға бағытталған әрекеттерді жасауы Электрондық қызметті көрсету талаптарын толық және сөзсіз қабылдағаны (Акцепт) деп қарастырылады.

1.3. Электрондық қызметті көрсету Серіктестерге БҚКШ-ға және осы Қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады және аталған құжаттарда айқындалмаған бөлігінде Kaspi мен Серіктестің арасында жасалған, Kaspi-дің сайтында орналастырылған (олар болса) қосылу шарттарымен реттеледі.

1.4. Kaspi мен Серіктестің арасында бұрын жасалған және электрондық қызмет көрсету тәртібін, соның ішінде интернет-банкингті, «банк-Клиент» жүйесін реттейтін қолданыстағы шарттар және басқа уағдаластықтар мен міндеттемелер болған кезде мұндай шарттар мен уағдаластықтардың әрекеті Серіктес Kaspi белгілеген нысанда Қосылуға өтінішке қол қойған сәттен бастап тоқтатылады. Қосылуға өтінішке қол қойылған күннен бастап Серіктес пен Kaspi-дің арасындағы қатынастар осы Қосымшамен және Серіктестерге БҚКШ-мен реттеледі. Бұрын жасалған шарттардың талаптарында мұндай шартты бұзған/тоқтатқан кезде хабарландыру және/немесе өзге әрекеттерді жүзеге асыру тәртібі көзделсе, Серіктес қосылуға өтінішке қол қою арқылы мұндай әрекеттердің күші жойылатыны туралы шарттың талаптарын өзгертетіні туралы келіседі.

2. Жалпы ережелер

2.1. Осы Қосымшаның мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мен анықтамалардың мағыналары төмендегідей:

2.1.1. SMS-хабар – Пайдаланушының Ұялы телефон нөміріне хабарлама түрінде жолданатын ақпарат немесе мәліметтер;

2.1.2. Іске қосу – Пайдаланушыны Kaspi Business-те Операциялар жүргізу мүмкіндігімен қамтамасыз ететін рәсім;

2.1.3. Аутентификация – Операциялар жүргізу үшін Пайдаланушының Kaspi Pay арқылы қашықтан хабарласуының заңдылығын куәландыратын, Қауіпсіздік рәсімінің талаптарына сәйкес төлем құжатының түпнұсқалығын және дұрыс жасалуын растайтын әрекеттер;

2.1.4. Анықтау – Пайдаланушының Электрондық қызметті алуға құқықтарын бір мәнді растауға бағытталған әрекеттер кешені;

2.1.5. Сәйкестендіру – Электрондық қызмет көрсету үшін Kaspi Pay-ды Пайдаланушының жеке басын анықтау рәсімі;

2.1.6. Растау коды – бір рет пайдаланылатын (біржолғы) код, Маркер және/немесе Пайдаланушының сұратуы бойынша Kaspi-дің бағдарламалық-техникалық құралдары жасайтын және Электрондық қызметке кіру рұқсатын берген кезде бір рет пайдалану үшін арналған электрондық цифрлық символдардың бірегей тізбегі;

2.1.7. Логин – Жеке кабинетке кіру үшін пайдаланылатын Пайдаланушының есептік жазбасының аты. Kaspi Pay-дағы логин – Пайдаланушының Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Ұялы телефон нөмірі;

2.1.8. Мобильді қосымша – Мобильді қосымшасын қолдайтын және Интернетке қолжетімділігі бар ұялы телефон немесе өзге Электрондық құрылғылардың көмегімен Жеке кабинетке кіруге қолжетімділік алуға және онда операциялар жасауға арналған бағдарламалық қамсыздандыру;

2.1.9. Оператор – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұялы байланыс қызметін көрсетуге, соның ішінде Ұялы телефон нөміріне қызмет көрсетуге құқығы бар заңды тұлға;

2.1.10. Операция/Транзакция – Шоттарда көрсетілуге тиіс кез келген операция (транзакция), аударымдар мен төлемдер; есептелген төлемдерді, комиссиялар мен сыйақыны Шоттардан есептен шығару операциялары, Серіктестің Шоттарында көрсетілуге тиіс басқа да операциялар;

2.1.11. Пароль – Пайдаланушыны Kaspi Pay-де Аутентификациялау және оған Жеке кабинетке кіру рұқсатын беру үшін пайдаланылатын алфавиттік цифрлық символдардың тізбегі;

2.1.12. Қауіпсіздік рәсімі – Kaspi белгілеген Kaspi Pay-дың жұмыс істеуіне қойылатын талаптар, онда Пайдаланушының Электрондық қызметтерді алуына құқықтарын анықтау және берілетін және алынатын

электрондық құжаттардың мазмұнындағы қателерді және (немесе) өзгерістерді анықтау мақсатында электрондық құжаттарды құрғанда, бергенде және алған кезде Пайдаланушыны сәйкестендіруге арналған ұйымдастырушылық шаралардың және ақпаратты қорғаудың бағдарламалық техникалық құралдарының кешені қамтылған;

2.1.13. Тіркелу – Пайдаланушының Kaspi Pay-да Логин мен Парольді енгізу арқылы Жеке кабинетке кіру рұқсатын алуға бағытталған әрекеттер кешені;

2.1.14. Сессия – Kaspi анықтаған уақыт ішінде Kaspi-дің электрондық төлем қызметін және ақпараттық банктік қызмет көрсетуі үшін Kaspi Pay-да әрекеттердің тізбегін жүзеге асыру үшін Пайдаланушыға қолжетімділік беру;

2.1.15. Тарифтер – Сайтта көрсетілген Қызметтер үшін Kaspi-дің уәкілетті органы бекіткен тарифтер;

2.1.16. Электрондық құрылғы – Kaspi белгілеген талаптарға сәйкес операциялық жүйені қолдайтын, әрбір Пайдаланушыға оның анықтаған Операцияларын/Транзакцияларын жасау үшін бекітілген құрылғы;

2.1.17. Электрондық қызметтер – Kaspi-дің Kaspi Pay-да көрсететін қызметтері;

2.1.18. Ақпараттық банктік қызметтер – Серіктестің сұратулары бойынша және/немесе Kaspi-дің бастамасымен Kaspi-дің Серіктеске Үзінді көшірмені және көрсетілетін Қызметтер туралы өзге ақпаратты беруіне байланысты қызметтер;

2.1.19. Электрондық төлем қызметтері – Шотты пайдалану арқылы төлемдер жасауға және (немесе) ақша аударуға, шетел валютасымен айырбастау операцияларын жасауға және өзге банктік операциялар түрлерін жүзеге асыруға байланысты қызметтер;

2.1.20. Маркер – Пайдаланушының ұялы телефонындағы Растау кодын жасайтын құрылғы болып табылатын бағдарламалық құрал және оған берілетін кодтардың дербес сәйкестендіру нөмірлері;

2.1.21. Пайдаланушы – Мобильді қосымшада қолжетімділігі бар ұялы телефонның иесі;

2.1.22. ЭЦҚ – «Kaspi Bank» АҚ Куәландырушы орталығы шығарған электрондық цифрлық қолтаңба, ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық символдардың жиынтығы.

3. Электрондық қызметтердің тізбесі

3.1. Kaspi мынадай Электрондық қызметтерді ұсынады:

3.1.1. Электрондық төлем қызметтеріне:

1) Пайдаланушының электрондық түрде бастама көтерген төлемдері мен аударымдарын өңдеу және төлем жасау және (немесе) ақша аудару немесе осы төлемдер бойынша ақшаны қабылдау үшін Kaspi-ге қажетті ақпаратты беру қызметтері;

2) Пайдаланушының теңгедегі және шетел валютасындағы төлем құжаттарын жасауы, растауы, редакциялауы;

3) Серіктестің Kaspi-де ашылған Шоттарының арасында ақша аудару туралы Серіктестің өкімдерін орындау, сондай-ақ басқа банктерде ашылған банктік шоттарға Kaspi-ден тыс ақша аударымдары кіреді;

4) Шетел валютасын сатып алу, сату, Серіктес берген тапсырмалар бойынша кросс-операцияларды жүзеге асыру шетел валютасын сатып алған, сатқан, Серіктес берген тапсырмалар бойынша кросс-операцияларды жүргізген күнгі Kaspi белгілеген бағамға сәйкес жүргізіледі.

3.1.2. Ақпараттық-банктік қызметтерге:

1) Kaspi-мен жасалған шарттар бойынша ақпарат беру: Шоттағы (шоттардағы) ақша қалдығы туралы ақпарат, Шот бойынша Үзінді көшірме, Шот бойынша шектеулердің бары екені туралы ақпарат: тыйым салулар, шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімдер, инкассалық өкімдер және Kaspi-де сақталуы Серіктестің Шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға әкеп соғатын өзге де нұсқаулар;

2) Анықтамалықтардың түрі (ТМК, БЖК, қазақстандық және шетелдік банктердің кодтары) бойынша ақпарат беру;

3) Серіктеске Шот бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы мәліметтерді, сондай-ақ Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге мәліметтерді беру. Kaspi өзінің қалауы бойынша техникалық мүмкіндік болған кезде Байланыс арналарының бірі арқылы қосымша өзге мәліметтерді беруі мүмкін.

4) POS-терминал(-дар)ды пайдалану арқылы жасалған операциялар жөніндегі ақпарат;

5) Шотқа (Шоттарға) жоспарлы есепке жазу жөніндегі ақпарат;

6) Kaspi Pay-дан төлем құжаттарын, Шот(тар) бойынша Үзінді көшірмелерді, POS-терминалдар бойынша Үзінді көшірмелерді Kaspi Pay-да айқындалатын пішімдерде экспорттау. Шот бойынша Үзінді көшірмені жүктеген кезде Kaspi Pay-да қойылатын Kaspi-дің электрондық мөрі Kaspi-дің мөрінің түпнұсқасы болып табылмайды және қандай да бір заңды салдарға әкеп соқтырмайды. Kaspi-дің мөрі бар Шот(тар) бойынша Үзінді көшірмелердің түпнұсқалары Серіктестің жеке өзі хабарласқан кезде Kaspi-дің бөлімшелерінде беріледі;

7) Төлем құжаттарын, Шот(тар) бойынша Үзінді көшірмені, POS-терминалдар бойынша Үзінді көшірмені басып шығару;

8) Kaspi.kz-тегі қызметтер мен сатылымдар бойынша салыстырып тексеру нәтижелері жөніндегі ақпарат, жүргізілетін акциялар, Kaspi.kz-тегі тарифтердің ауыстырылуы, Серіктестің заңды мекенжайларының ауысуы жөніндегі ақпарат;

9) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген және ақпараттық қызметке жататын өзге де Электрондық қызметтер кіреді.

3.1.3. Банктік шоттарды қашықтан ашу.

3.2. Kaspi Kaspi Pay арқылы көрсетілетін қызметтің көлемін өз бетінше айқындайды. Kaspi Электрондық

қызметтердің шектеулі көлемін көрсетуге құқылы. Қызмет көлемі Операцияны/Транзакцияны жүргізген, сұратуды орындаған/Ақпараттық банктік қызметтерді көрсеткен сәтте Kaspi Pay-да айқындалады.

3.3. Ұялы телефон нөмірін пайдалану және оған қызмет көрсету тәртібі Kaspi-дің қатысуынсыз Серіктес пен Оператордың арасындағы шарттық қатынастармен реттеледі.

3.4. Kaspi Пайдаланушының Kaspi Pay-дағы барлық іс-әрекеттері туралы ақпараттың олар жасалған сәттен бастап 5 жылдың ішінде электрондық түрде сақталуын қамтамасыз етеді.

4. Электрондық қызметтерді көрсету тәртібі мен мерзімдері

4.1. Kaspi Pay-да Электрондық қызметтерді көрсету және оларға қолжетімділікті алу Интернет желісі және/немесе Kaspi-дің таңдауы бойынша өзге Байланыс арналары арқылы жүзеге асырылады.

4.2. Kaspi Pay-да Қызметтер Жеке кабинет арқылы көрсетіледі.

4.3. Электрондық қызметтерді көрсету үшін Серіктеске Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Пайдаланушылардың саны бойынша Kaspi Pay-ға кіру рұқсаты беріледі.

4.4. Ақпараттық банктік қызметтер техникалық мүмкіндік болған кезде Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен көрсетіледі. Ұсынылған функционалға сәйкес «Толық қолжетімділік» деген кіру рұқсаты бар Пайдаланушы Ақпараттық банктік қызметтерге қолжетімділігі бар (Шот бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар, Шоттар бойынша шектеулер туралы мәліметтерді алу үшін) Пайдаланушыларды айқындауы немесе техникалық мүмкіндік болған кезде Мобильді нөмірден Call Center арқылы немесе Жеке кабинетте қолжетімділікті алып тастауы мүмкін.

Осы Қосымшаның 8.1-тармағының 8.1.2. және 8.1.3-тармақшаларында көрсетілген қолжетімділік деңгейі бар Пайдаланушылар техникалық мүмкіндік болған кезде Call Center арқылы немесе Жеке кабинетте Шоттар бойынша Операциялар/Транзакциялар туралы мәліметтерді алу қызметін ажыратуы немесе қосуы мүмкін.

4.5. «Толық қолжетімділік» деген қолжетімділік деңгейі бар Пайдаланушы Серіктестің басқа Пайдаланушыларына қарағанда басым болады және Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте және/немесе Серіктестерге БҚКШ-да (Электрондық қызметтер) айқындалған әрекеттердің көлемін орындайды, соның ішінде Серіктестерге БҚКШ талаптарын өзгерту әрекеттерін жасайды.

4.6. Серіктес Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Пайдаланушылар Kaspi Pay-да Серіктестің Шоттары бойынша Операцияларды/Транзакцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өкілеттіктері бар екеніне кепілдік береді.

4.7. Пайдаланушының қолжеткізу құқықтарының көлемін Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте Серіктес айқындайды.

4.8. Серіктес Пайдаланушылар үшін және олардың Kaspi Pay-да орындайтын әрекеттері үшін толық жауапкершілік атқарады.

4.9. Пайдаланушыға Жеке кабинетке қолжетімділік Kaspi Pay-да Пайдаланушыны Сәйкестендіргеннен және Аутентификациялағаннан кейін беріледі.

4.10. Электрондық қызмет көрсету үшін қажетті Серіктестің жабдығына қойылатын техникалық жағдайлар мен талаптар төмендегідей:

4.10.1. Пайдаланушының жабдығында «Windows 7» нұсқасынан төмен емес операциялық жүйе орнатылған болуы керек;

4.10.2. Пайдаланушының жабдығында 9.0 нұсқасынан төмен емес «Internet Explorer» браузері орнатылған болуы керек;

4.10.3. Android 4.5., iPhone iOS 10 нұсқаларынан төмен емес операциялық жүйе орнатылған Электрондық құрылғысы болуы керек.

4.11. Серіктеске Электрондық төлем қызметтері ҚР заңнамасында көзделген тәсілдер пайдаланылып, соның ішінде SMS-хабар және/немесе Мобильді қосымша арқылы көрсетіледі. Kaspi Мобильді қосымшада түрлендірілген Растау коды және/немесе SMS-хабар болған кезде, Операцияны/Транзакцияны жасауға нұсқауды ақцепттейді.

Бір Сессияның аясында Серіктес-жеке кәсіпкер Операцияларды жасау үшін бір Растау кодын пайдалануы мүмкін.

4.12. Операцияны жүргізуге / Электрондық қызметті растауға қойылатын талаптар Kaspi Pay нұсқаулығына сай белгіленеді/жүзеге асырылады.

Серіктестердің-жеке кәсіпкерлердің Операцияны жүргізуіне / Электрондық қызметті растауына қойылатын талаптар «Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету ережелерінің талаптарына сай белгіленеді/жүзеге асырылады.

4.13. Kaspi Pay-да жүргізілетін Операциялардың санын Kaspi өз қалауы бойынша шектеуі мүмкін. Бір Сессияның аясында бірнеше Операция жүргізілген жағдайда, бір Растау коды пайдаланылады.

4.14. Kaspi Серіктестің Kaspi Business арқылы берген төлемдер және ақша аударымы жөніндегі нұсқауын орындайды немесе Kaspi Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген мерзімде оны орындаудан бас тартады.

4.15. Kaspi Шот бойынша қызмет ақысын төлеу комиссиясын Тарифтік жоспарға және Kaspi-дің Тарифтеріне сәйкес Серіктестің аударымының сомасынан ұстайды.

4.16. Электрондық қызметтер Сайтта және/немесе Байланыс арналары арқылы көрсетіледі.

4.17. Электрондық қызметтерді алу үшін динамикалық сәйкестендіруді пайдаланған кезде Маркер пайдаланылады. Маркер төлем жасау үшін Растау кодын жасайды. Маркердің бірегей нөмірі болады және ол Серіктестің әрбір нақты уәкілетті тұлғасына/Пайдаланушыға өз өкілеттіктерінің аясында өзі айқындаған Операцияларды жүргізуі үшін бекітіледі. Маркер оған дербес сәйкестендіру нөмірін және басқа сәйкестендіру құралдарының жиынтығын (пайдаланушының бірегей сәйкестендірушісі, пароль) енгізу арқылы, сондай-ақ SMS-кодты енгізу арқылы пайдаланылады. Серіктестің уәкілетті тұлғасының басқа уәкілетті тұлғаға (басқа Пайдаланушыға) тиесілі Маркерді пайдалануына рұқсат етілмейді.

5. Серіктеске Электрондық қызметтердің көрсетілуіне негіз болған электрондық құжаттардың жіберілгені және (немесе) алынғаны туралы растаманы Kaspi-дің беру тәртібі мен мерзімдері

- 5.1. Төлемді және ақша аударымын растайтын құжаттар Серіктестің Жеке кабинетінде көрсетіледі.
- 5.2. Қызметтерге қосылу мына әрекеттердің барлығы болған және жасалған кезде жүзеге асырылады:
 - 5.2.1. Пайдаланушы Анықтау рәсімін өткен (Электрондық қызметті алу мақсатында (Сессия уақытында) Қолжетімділік кодын алған);
 - 5.2.2. Пайдаланушы Тіркелу рәсімінен өткен (Электрондық қызметтерді алу мақсатында Парольді ойлап шығарған);
 - 5.2.3. Kaspi белгілеген және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де тәсілдер.
- 5.3. Серіктес Kaspi Pay-да жаңа Пайдаланушыны тіркеген кезде Kaspi-мен жасалған шарттарды орындау мақсаттарында Пайдаланушының дербес деректерін (соның ішінде трансшекаралық) жинауға, өңдеуге және Kaspi-ге беруге Пайдаланушылардың жазбаша келісімін алғанына кепілдік береді.
- 5.4. Kaspi Pay-да Анықтау Пайдаланушы Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте және/немесе Kaspi Pay-да Ұялы телефон нөмірін көрсеткен кезде жүзеге асырылады.
- 5.5. Пайдаланушыны Kaspi Pay-да тіркеу, Аутентификация, Іске қосу, Анықтау Қауіпсіздік рәсімінде айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.
- 5.6. Іске қосу Тіркелген кезде Ұялы телефон нөміріне жіберілген Растау кодын енгізу арқылы жүзеге асырылады.
- 5.7. Парольді ауыстыру және қалпына келтіру рәсімі Kaspi Pay-да айқындалған әрекеттерге сай жүзеге асырылады (әрекеттердің реттілігін Kaspi өз қалауы бойынша айқындайды және Kaspi Pay-да Серіктестің назарына жеткізіледі).
- 5.8. Kaspi Kaspi Pay Пайдаланушыларына олардың дербес және төлем жасау деректерінің қорғалатынына кепілдік береді.
- 5.9. Серіктес пен Kaspi-дің арасындағы өзара қатынастарда пайдаланылатын, Серіктес Жеке кабинетте (Сессия уақытында) Растау кодын пайдалану арқылы сәтті авторландырылған электрондық түрдегі құжаттар қағаз тасымалдаушыдағы тиісті құжаттарға тең деп танылады және оларға ұқсас Тараптардың құқықтары мен міндеттерін туындатады (оған Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қағаз тасымалдаушыда берілуге тиіс құжаттар мен шарттар қосылмайды).

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

6.1. Kaspi:

- 6.1.1. Пайдаланушы Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен сәйкестендірілмеген және аутентификацияланбаған жағдайда, сондай-ақ Шоттардағы ақша қалдығының сомасы Операцияларды/Транзакцияларды жүргізуге және Kaspi-дің Тарифтерінде көзделген комиссияларды есептен шығаруға жеткіліксіз болса, Ақпараттық банктік қызметтерді көрсетуден, Операцияларды/Транзакцияларды жүргізуден бас тартуға;
- 6.1.2. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Серіктестің Шоттары бойынша Операцияларды/Транзакцияларды жүргізуді тоқтата тұруға;
- 6.1.3. төлем деректемелерін көрсеткен кезде Пайдаланушының қате жібергені анықталған жағдайда, Серіктес/Пайдаланушы Kaspi-ге қажетті құжаттар жинағын/деректемелерді бермегенде немесе толық бермегенде, сондай-ақ Операция/Транзакция Қазақстан Республикасының заңнамасына, соның ішінде заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және жылыстатуға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына қайшы болған жағдайда, Пайдаланушының тапсырмасын орындамауға;
- 6.1.4. Серіктес/Пайдаланушы Қауіпсіздік рәсімін және Серіктестерге БҚКШ-ны, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Kaspi Pay-да көрсетілетін қызметтерге қолжетімділікке тосқауыл қоюға;
- 6.1.5. Уәкілетті орган Операцияның/Транзакцияның бір тарабын (тараптарын), сондай-ақ Пайдаланушылардың бірін терроризм мен экстремизмді қаржыландыруға байланысты тұлғалар тізбесіне енгізген жағдайда, Серіктестің шоттары бойынша Операцияларды/Транзакцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және/немесе бас тартуға және/немесе Серіктестің/Пайдаланушының Kaspi Pay-дағы қызметтерге қолжетімділігіне тосқауыл қоюға;
- 6.1.6. Kaspi-дің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес валюталық бақылау жүргізуі, Kaspi-дің ҚЖ/ТҚҚ талаптарын орындауы, сондай-ақ FATCA, заңнаманың және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Серіктестің деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін қажетті құжатты және ақпаратты Серіктестен сұратуға;
- 6.1.7. Kaspi Pay-дағы Операциялар/Транзакциялар бойынша шектеулер белгілеуге және оларды біржақты тәртіппен өзгертуге;
- 6.1.8. Қауіпсіздік және Серіктестің қаражатының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Пайдаланушының Kaspi Pay-ға қолжетімділігіне тосқауыл қоюға;
- 6.1.9. Пайдаланушы Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарына сәйкес Kaspi-ге құжаттар беру міндеттерін орындамаған жағдайда, Электрондық қызмет көрсетпеуге;
- 6.1.10. Пайдаланушының Kaspi Pay-ға қолжетімділік құқықтарын бақылау мақсатында Ұялы нөмір арқылы дыбыстық қоңыраулар соғуға (мұндай қызмет бар болған кезде);

- 6.1.11. Шот бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы мәліметтерді, сондай-ақ Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге мәліметтерді жіберу бөлігінде Kaspi-дің таңдауы бойынша Байланыс арналарының бірімен Ақпараттық банктік қызмет көрсетуді тоқтатуға;
- 6.1.12. Өз қалауы бойынша, оның ішінде, Kaspi-дің пікірінше, мұндай деректерді өзгерту күдікті болған жағдайда, Қосылуға өтініште көрсетілген ақпарат пен мәліметтерді электрондық түрде өзгертуден бас тартуға немесе өзгерту процесін тоқтата тұруға **құқылы**.
- 6.2. Kaspi тікелей Операция/Транзакция жасалғаннан кейін немесе бір күн ішінде жасалған Операциялардың/Транзакциялардың жалпы сомасын, сондай-ақ Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге мәліметтерді одан кейінгі күнтізбелік үш күннен кешіктірмей хабарлау арқылы Шот бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар бойынша Ақпараттық банктік қызметтер көрсете алады. Kaspi өзінің қалауы бойынша Үзінді көшірмеде көрсетілгенді қоспағанда, Операциялардың/Транзакциялардың белгілі бір түрлерін (соның ішінде болдырылмаған және өзге Операциялар/Транзакциялардың комиссиялар бойынша) қоспауға **құқылы**.
- 6.3. **Серіктес/Пайдаланушы:**
- 6.3.1. Kaspi Рау-ды пайдаланып, Шоттар бойынша Үзінді көшірмелер алуға;
- 6.3.2. Шоттардағы ақша қалдығының шегінде Шоттар бойынша Операциялар/Транзакциялар жүргізуге;
- 6.3.3. Kaspi-дің Серіктестерге БҚКШ-ға және/немесе Kaspi-дің Тарифтеріне енгізген өзгерістерімен және/немесе толықтыруларымен келіспеген жағдайда, Серіктестерге БҚКШ-ны бұзуға;
- 6.3.4. Шартты бұзатын болжамды күнге дейін күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын кез келген сәтте Kaspi-ге Электрондық қызмет алуға арналған шартты бұзғысы келетіні туралы жазбаша хабарлауға;
- 6.3.5. Kaspi белгілеген нысан бойынша Kaspi-ге жазбаша өтініш білдіру арқылы немесе Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен не Жеке кабинетте ЭЦҚ-ны қолдану арқылы Қосылуға өтініште көрсетілген ақпарат пен мәліметтерді өзгертуге құқылы.
- Бұл ретте Қосылуға өтініште көрсетілген ақпарат пен мәліметтер өзгерген кезде, Kaspi Пайдаланушыны қосымша Аутентификациялауға/Анықтауға құқылы.
- Қосылуға өтініште көрсетілген ақпарат пен мәліметтерді Жеке кабинетте ЭЦҚ-ны қолдану арқылы өзгерту Серіктестің/Пайдаланушының жазбаша өтінішпен Kaspi-ге жеке хабарласуына және Серіктестің/Пайдаланушының өз қолымен қол қоюына тең.
- 6.3.6. Серіктестерге БҚКШ-ға және Қауіпсіздік рәсіміне сәйкес Жеке кабинетте Пайдаланушыларды құруға және редакциялауға;
- 6.3.7. Серіктестің Шоттары бойынша операциялар жасау үшін жаңа Пайдаланушыға Kaspi Рау-ға қолжетімділік беру үшін Kaspi-ге тиісті жазбаша өтініш білдіруге және/немесе Жеке кабинетте тиісті әрекеттерді жасауға;
- 6.3.8. Пайдаланушының Kaspi Рау-ға қолжетімділігіне тосқауыл қою үшін Kaspi-ге тиісті жазбаша өтінішпен хабарласуға және/немесе Жеке кабинетте тиісті әрекеттерді жасауға **құқылы**.
- 6.4. **Kaspi:**
- 6.4.1. Көрсетілген өзгерістер қолданысқа енгізілетін күнге дейін күнтізбелік 5 (бес) күн бұрын Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәсілмен Серіктеске хабарлау арқылы осы Қосымшаға өзгерістер енгізу туралы Серіктеске хабарлауға;
- 6.4.2. Серіктестің Шоттары және олар бойынша жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы ақпаратқа басқа тұлғалардың рұқсатсыз қол жеткізуіне жол бермеу үшін шаралар қолдануға;
- 6.4.3. Пайдаланушының Kaspi Рау-да ресімделген өкімдері мен тапсырмаларын орындауға;
- 6.4.4. Серіктестің өтініштерін қабылдауға;
- 6.4.5. Электрондық қызмет көрсеткен кезде Серіктестен/Пайдаланушыдан алған ақпаратты жария етпеуге;
- 6.4.6. Серіктестің талап етуімен оған 3 (үш) жылдан аспайтын кезеңге Kaspi Рау арқылы жүргізілген Операциялар/Транзакциялар туралы ақпарат жазылған үзінді көшірмені беруге;
- 6.4.7. Серіктес тосқауыл қою туралы өтініш білдірген жағдайда, Сәйкестендіру әрекеттері жүргізілгеннен кейін Пайдаланушыға тосқауыл қоюға **міндеттенеді**.
- 6.5. **Серіктес/Пайдаланушы:**
- 6.5.1. Пароль, Логин және Kaspi Рау-да қызметті алу үшін берілетін өзге ақпаратты басқа тұлғаларға бермеуге (құпия ақпараттың жария етілмеуін қамтамасыз етуге);
- 6.5.2. Қосымшада көзделген Kaspi Рау-ға қол жеткізу құралын жоғалтқан жағдайда, бұл туралы Kaspi-ге Пайдаланушыға қолжетімді байланыс құралы арқылы дереу хабарлауға. Қол жеткізу құралын жоғалту туралы хабарламаны Kaspi алғанға дейін барлық жағдайда үшінші тұлғалар жасаған Шоттар бойынша барлық Операциялар/Транзакциялар үшін Пайдаланушы жауапкершілік атқарады;
- 6.5.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгілеген мерзімде және тәртіппен, соның ішінде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамаға, валюталық заңнамаға және Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Kaspi-ге Шоттар бойынша жүргізілетін Операциялар/Транзакциялар туралы қажетті құжаттар мен ақпаратты беруге;
- 6.5.4. Қазақстан Республикасының заңнамасына, Kaspi-дің ішкі нормативтік құжаттарына және Серіктеспен жасалған шарттардың талаптарына сәйкес Kaspi-дің Шоттарда сақталған ақшасына иелік етуге;
- 6.5.5. Kaspi-ге Kaspi-дің Тарифтеріне сай комиссиялық сыйақы төлеуге;
- 6.5.6. Kaspi Рау-да қызметтерді алған кезде техникалық жарамды, вирустардан және басқа зиянды бағдарламалардан қорғалған жабдықты пайдалануға;
- 6.5.7. Электрондық қызметтерді алу үшін жабдықтың және Электрондық құрылғының Қауіпсіздік рәсімінде көзделген техникалық талаптарға сәйкестікті қамтамасыз етуге;

6.5.8. Электрондық қызметтерді алу үшін техникалық және/немесе өзге мүмкіндіктерді жоғалтқан жағдайда, Call Center-ге дереу хабарласуға;

6.5.9. Серіктес Пайдаланушының Kaspi Pay-да Серіктестің шоттары бойынша Операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті өкілеттіктерін тоқтата тұрған жағдайда, бұл туралы Kaspi-ге өкілеттіктерді тоқтата тұратын болжамды күнге дейін 3 (үш) жұмыс күні бұрын хабарлауға міндеттенеді.

Пайдаланушылардың Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген деректері өзгерген жағдайда, Серіктес Серіктестерге БҚКШ-ға сай мұндай өзгерістер өзіне белгілі болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы Kaspi-ге хабарлауға міндеттенеді.

6.5.10. Операцияны жүргізбес бұрын төлем құжаттарындағы деректемелердің дұрыстығын тексеруге міндеттенеді.

7. Қауіпсіздік рәсімдері

7.1. Kaspi Pay-ға қолжетімділік Сайтқа қосылу арқылы жүзеге асырылады.

7.2. Берілетін деректердің шифрлау беріктігі HTTPS қорғалған хаттамасы бойынша 128 бит болып анықталған. Серіктестің техникалық құралы мен Сайттың арасында берілетін деректер DigiCert Inc компаниясының сертификатымен шифрланады.

7.3. Kaspi Pay бағдарламалық-техникалық кешені жеке қорғалған шағын желіге бөлінген.

7.4. Kaspi Pay-ге және Сайтқа қызмет көрсететін жүйенің тікелей қосылыстары жоқ.

7.5. Пайдаланушы алғаш тіркелген кезде Kaspi Pay қызметтеріне қолжетімділік Растау кодын алу арқылы жүзеге асырылады, оны Пайдаланушы өзін Анықтау үшін енгізеді.

7.6. Пайдаланушы оның Анықталу/Тіркелу фактісі бойынша өзіне берілген қолжетімділік деңгейіне сәйкес Ақпараттық банктік қызметтерді алу, қашықтан Операцияларды/Транзакцияларды жүргізу, сондай-ақ шарттар туралы ақпарат, Kaspi-де ашылған Шоттар бойынша үзінді көшірмелер және өзге ақпарат алу мүмкіндігін алады.

8. Пайдаланушыны аутентификациялау және оның Электрондық қызмет алу құқығын растау (Анықтау) тәртібі

8.1. Қосылуға өтініште көрсетілген және/немесе Жеке кабинетте, Kaspi Pay-да айқындалған Пайдаланушыларға қол қойылған Қосылуға өтінішке сәйкес және/немесе Жеке кабинетте қолжетімділіктің төмендегі деңгейлері (түрлері) беріледі:

8.1.1. «Толық қолжетімділік» – Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын өзгертуге және Серіктестерге БҚКШ-да көзделген барлық Қызметті, Электрондық қызметтерді көрсетуге мүмкіндік беретін құқықтар мен өкілеттіктер көлемі;

8.1.2. «Төлем құжаттарын құру, көру және растау» – Kaspi Pay-да Электрондық төлем қызметін көрсетуге, қолжетімділік деңгейіне сәйкес Ақпараттық банктік қызметтер алуға мүмкіндік беретін құқықтар көлемі;

8.1.3. «Төлем құжаттарын құру және көру» – Ақпараттық Қызметтер алуға арналған құқықтар көлемі.

Кейбір Ақпараттық банктік қызметтерді Kaspi оларды алу үшін шектеуі мүмкін.

8.2. Kaspi Онлайн платформада Серіктестің Жеке кабинетін құрады.

8.3. Қосылуға өтініште және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Пайдаланушының Ұялы телефон нөмірі Kaspi Pay-дағы Логин болады.

8.4. Пайдаланушы парольді өз бетінше анықтайды және ол Kaspi-дің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуі керек.

8.5. Серіктестің уәкілетті тұлғасы немесе Қосылуға өтінішке қол қойған тұлға және/немесе «Толық қолжетімділігі» бар өзге тұлға Kaspi Pay-да жаңа Пайдаланушыны тіркейді және оның қолжетімділік деңгейін айқындайды. Пайдаланушы Сайттағы нұсқаулыққа сай Жеке кабинетте жаңа Пайдаланушыны құру әрекеттерін жүзеге асырады.

8.6. Растау кодының әрекет ету уақытын ақпараттық қауіпсіздік талаптарын ескере отырып, Kaspi белгілейді және Kaspi Pay-да Пайдаланушының назарына жеткізеді.

8.7. Пайдаланушы Kaspi Pay-да орналастырылған парольді ауыстыру және қалпына келтіру рәсіміне сай Kaspi Pay-да Парольді ауыстыра алады және қалпына келтіре алады.

8.8. Серіктеске Электрондық төлем қызметі ҚР заңнамасында көзделген тәсілдерді пайдалану арқылы, соның ішінде SMS-хабар және / немесе Мобильді қосымшасы арқылы көрсетіледі. Операцияны/Транзакцияны жүргізуге нұсқауды Kaspi Мобильді қосымша жасақтаған Растау коды бар болған кезде ақцепттейді.

8.9. Операцияны/Электрондық төлем қызметін жүргізу/растау жөніндегі талаптар Kaspi Pay-дағы нұсқаулыққа сай белгіленеді/жүзеге асырылады.

9. Тараптардың жауапкершілігі

9.1. Қосымшаның талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік атқарады.

9.2. Тараптар кез келген міндеттемесін бұзған жағдайда, тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлеу және шығындар мен шығыстарды өтеу Серіктестерге БҚКШ-да және осы Қосымшада көзделген тиісті міндеттемелерді тиісті түрде орындау міндетінен басатпайды.

9.3. Қосымшаның талаптары бұзылған жағдайда, Kaspi-дің Серіктеске қатысты төмендегі шаралардың бірін қолдануға құқығы бар:

9.3.1. Қызмет көрсетуде шектеу болуы мүмкін екені туралы ескерту;

9.3.2. Қызмет көрсетуді шектеу және (немесе) тоқтата тұру;

9.3.3. Kaspi Pay-ға кіруге тосқауыл қою;

9.3.4. Серіктестерге БҚКШ-ны бұзу және/немесе Электрондық қызмет көрсетуді біржақты тәртіппен тоқтату.

9.4. Kaspi электр энергиясының өшірілуі, байланыс желісінің зақымдалуы, сондай-ақ Серіктестің/Пайдаланушының нақты, толық немесе дәл берілмеген нұсқауларының салдарынан туындайтын қателер, дұрыс түсінбеу және т.б. нәтижесінде төлемдерді орындамағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін, Серіктестің Қосымша мен Серіктестерге БҚКШ-ның ережелерін және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын бұзу нәтижесінде және Kaspi-ге байланыссыз басқа себептермен үшінші тұлғалар төлемдерді орындамағаны немесе орындауды кешіктіргені үшін жауапкершілік атқармайды. Kaspi Серіктестің/Пайдаланушының Kaspi-дің хабарламаларын, Ақпараттық банктік қызметтерді және Шот бойынша үзінді көшірмелерді алмауына немесе уақтылы алмауына әкеп соқтырған және Kaspi-ге байланыссыз себептермен туындаған Интернеттің, поштаның, байланыс желілерінің жұмысындағы жаңылысу үшін жауапкершілік атқармайды. Kaspi-дің Серіктестерге БҚКШ-ның талаптарын орындамауына әкеп соқтырған техникалық жаңылысу (электр қуатының және байланыс желілерінің өшірілуі/зақымдалуы, Kaspi-дің Деректер базасының бағдарламалық қамсыздандыруындағы жаңылысулар, төлем жүйелеріндегі техникалық жаңылысулар) орын алған жағдайда, Kaspi мүлтік жауапкершіліктен босатылады.

9.5. Серіктес Серіктестерге БҚКШ-да көзделген міндеттемелерді немесе заңнама талаптарын бұзған жағдайда, Kaspi Kaspi Pay-да Электрондық қызмет көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

9.6. Kaspi Пайдаланушының құжаттарды ресімдеген кезде жіберген қателері үшін және Kaspi Pay-да қызметті пайдаланған кезде Ұялы телефон нөмірлерін, деректемелерді қате көрсеткені үшін жауапкершілік атқармайды.

9.7. Байланыс арналарын пайдаланған кезде оларды тыңдау немесе ұстап қалу, Пайдаланушының құпия ақпаратты жария етуі, сондай-ақ Kaspi Pay-да қызмет алған кезде істен шыққан жабдықты, вирусы бар/зиян келтіретін бағдарламалық қамсыздандыруды пайдалану нәтижесінде Шоттар, Пароль, Логин, Растау коды немесе Пайдаланушы жүргізген Операциялар/Транзакциялар туралы ақпарат өзге тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Kaspi жауапкершілік атқармайды.

9.7-1. Қосылуға өтініште көрсетілген ақпарат пен мәліметтер өзгерген кезде, ЭЦҚ немесе ЭЦҚ кодтары/парольдері туралы ақпарат Серіктестің/Пайдаланушының кінәсінен үшінші тұлғаларға белгілі болған жағдайда, Kaspi жауапкершілік атқармайды.

9.8. Пароль, Логин, Растау коды жоғалған жағдайда, Kaspi Пароль, Логин, Растау коды пайдаланылып жүргізілген Операциялардың/Транзакциялардың сомасы мөлшеріндегі ақшаны Пайдаланушының Kaspi Pay-ға қолжетімділікті жоғалтқаны туралы Серіктестің жазбаша өтінішін, Пайдаланушының Call Center-ге өтінішін Kaspi алған сәтке дейін және/немесе Серіктес/Пайдаланушы Жеке кабинетке қолжетімділікке тосқауыл қойған сәтке дейін Шоттан есептен шығарады.

9.9. Пайдаланушы/Серіктес БҚКШ-да көзделген оны Сәйкестендіру және Аутентификациялау құралдарын пайдаланып, Kaspi Pay-да жүргізілетін барлық Операциялар/Транзакциялар үшін, Операциялардың/Транзакциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін, Серіктестерге БҚКШ бойынша Серіктестер/Пайдаланушылар құрған төлем құжаттарында деректемелерді дұрыс көрсету үшін жауапкершілік атқарады.

9.10. Серіктес Kaspi-дің Пайдаланушылардың дербес деректерін жинауына және өңдеуіне тиісінше алынған келісімдердің бар болуына кепілдік береді.

9.11. Пайдаланушыға хабарлар, Push-хабарламалар жіберу және Серіктестен SMS-хабар алу мүмкінсіздігі үшін, егер мұндай мүмкінсіздік Пайдаланушының және/немесе Оператордың арасындағы құқықтық қатынастар аясында олардың әрекетінен немесе әрекетсіздігінен туындаса, сондай-ақ Пайдаланушының, Оператордың және басқа үшінші тұлғаның өзге әрекеттерімен немесе Kaspi-дің бақылау аясынан тыс өзге себептермен байланысты болса, Kaspi жауапкершілік атқармайды және Оператордың немесе басқа үшінші тұлғаның әрекеті немесе әрекетсіздігі нәтижесінде Серіктеске келтірілген кез келген шығын үшін жауапкершілік атқармайды.

9.12. Пайдаланушының Kaspi-ден SMS-хабар/Растау кодын алу үшін техникалық және/немесе өзге мүмкіндіктерін жоғалтуы Серіктесті Kaspi-ге бұл туралы хабарланған сәтке дейін және Серіктес Пайдаланушының жоғарыда аталған мүмкіндіктерінің жойылуына байланысты Серіктестерге БҚКШ-да көзделген тәртіппен ақпараттық қызмет алудан бас тартқанға дейін Ақпараттық банктік қызмет көрсеткені үшін Kaspi-ге ақы төлеу міндетінен босатпайды.

9.13. Серіктес/Пайдаланушы Kaspi-ге ақпараттық қызмет алу үшін өзінде бар техникалық және өзге мүмкіндіктер туралы шынайы емес ақпарат берген жағдайда, Пайдаланушының Ұялы телефон нөмірі туралы қате ақпарат бергенде, осындай ақпарат беруге байланысты барлық тәуекелді (соның ішінде қаржылық) Серіктес көтереді.

9.14. Пайдаланушының Kaspi Pay-да Серіктестің атынан жасаған Операцияларын/Транзакцияларын Пайдаланушының мұндай өкілеттіктерінің жойылғаны / Серіктестің Kaspi Pay-да жаңа Пайдаланушыны тіркегені туралы ақпаратты Kaspi-дің алуына дейін Серіктес жасаған болып саналады.

10. Электрондық қызмет көрсетуді тоқтата тұру және тоқтату негіздері

10.1. Kaspi:

10.1.1. Егер Серіктестерге БҚКШ-да осындай Электрондық қызмет көрсету мүмкіндігі көзделмесе;

10.1.2. Егер Серіктестің Серіктестерге БҚКШ-ның аясында, сол сияқты Kaspi мен Серіктестің арасында жасалған кез келген өзге шарттың аясында Kaspi-дің алдында орындалмаған міндеттемелері бар болса;

10.1.3. Егер Серіктестің жабдығы және/немесе Электрондық құрылғысы және бағдарламалық қамсыздандыруы техникалық ережелер мен талаптарға сәйкес келмесе, Kaspi Серіктеске Kaspi Pay-да Электрондық қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы;

10.1.4. Егер Серіктес/Пайдаланушы Электрондық қызмет алу үшін техникалық және өзге мүмкіндіктерінің бар екенін растамаса және/немесе Іске қосуға қажетті ақпаратты, атап айтқанда Ұялы телефон нөмірін Kaspi-ге бермесе;

10.1.5. Егер Пайдаланушыны Kaspi Серіктестің жұмыскері ретінде сәйкестендірмесе немесе қол қойылған Қосылуға өтінішке сәйкес оның қажетті қолжетімділік деңгейі (түрі) болмаса;

10.1.6. Kaspi Электрондық қызметтерді көрсетуді (толық немесе кейбір түрлерін) тоқтатқан жағдайда;

- 10.1.7. Серіктес Шотты жапқан жағдайда, Серіктеске Электрондық қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.
- 10.2. Kaspi Pay-да қызмет (соның ішінде Электрондық қызмет) көрсету мына жағдайларда:
- 10.2.1. Серіктестің қызметті өшіру туралы жазбаша хабарламасы болғанда, Kaspi Pay-да қызмет көрсету Серіктестің өшіру туралы жазбаша хабарламасы алынғаннан кейін күнтізбелік 30 (отыз) күн өткенде тоқтатылады;
- 10.2.2. Kaspi Pay-да техникалық жұмыстар жүргізілгенде (Kaspi осындай жұмыстардың кезеңін сайтқа бұл туралы хабарлама орналастыру арқылы жұмыстарды тоқтатқанға дейін 15 минут бұрын хабарлайды); Серіктестің Электрондық қызмет алу құқығын тоқтатуға әкеп соқтырған себептер жойылған кезде, Kaspi Серіктеске жазбаша немесе электрондық нысанда хабарлама жіберу арқылы оған Электрондық қызмет көрсетуді қайта жалғастырады;
- 10.2.3. Серіктеспен жасалған шарттардың талаптары өзгергенде, оларға сәйкес қызмет көрсету тоқтатылады немесе уақытша тоқтатылады;
- 10.2.4. Серіктес Шотты жапқанда;
- 10.2.5. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамада көзделген жағдайларда;
- 10.2.6. Жеке кабинетті пайдалану ережелерін және/немесе Сайтта орналастырылған және Серіктестерге БҚКШ-ның ажырамас бөлігі болып табылатын Серіктестердің жұмыс жүргізу ережесін бұзған және / немесе Серіктестерге БҚКШ-да көзделген құқықтарды теріс пайдаланған жағдайда уақытша тоқтатылады немесе тоқтатылады.
- 10.2.7. Электрондық қызметті осы Қосымшаның 10.2.4. және 10.2.6.-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша көрсетуді тоқтата тұрған немесе тоқтатқан жағдайда, Kaspi Серіктеске күнтізбелік 5 (бес) күннің ішінде Серіктестерге БҚКШ-да және/немесе осы Қосымшада көзделген тәсілдердің бірімен өз қалауымен хабарлайды;
- 10.2.8. Kaspi Pay-де Электрондық қызмет көрсетуді тоқтата тұру және тоқтату Шот/Шоттар ашуды, жүргізуді және қызмет көрсетуді реттейтін Серіктестерге БҚКШ-ның Қосымшасы бойынша туындайтын міндеттемелерді тоқтатуға әкеп соқтырмайды.

11. Шағым келтіру тәртібі және даулы жағдайларды шешу тәсілдері

- 11.1. Тараптардың арасындағы даулар мен даулы жағдайлар келіссөздер арқылы шешіледі. Егер келіссөздер арқылы Тараптар өзара келісімге келе алмаса, даулар мен даулы жағдайлар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.
- 11.2. Даулы жағдайлар туындаған кезде Тараптар төмендегі әрекеттерді орындайды:
- 11.2.1. Серіктес даулы жағдай анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннің ішінде мекенжайын, Мобильді нөмірін, шағымның мазмұнын және өзге ақпаратты көрсетіп, business@kaspi.kz электрондық мекенжайына және/немесе Жеке кабинетте көрсетілген Kaspi-дің Мессенджеріне жазбаша түрде хабар жібереді немесе Call Center-ге телефон соғады;
- 11.2.2. Kaspi Серіктестің өтінімін Қазақстан Республикасының азаматтардың өтініштерін қарау тәртібі туралы заңнамасында белгіленген мерзімдерде қарайды;
- 11.2.3. Kaspi Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өтініш келіп түскен Байланыс арнасы бойынша Серіктеске жауап береді.

12. Электрондық қызметтен бас тарту

- 12.1. Серіктес Электрондық қызметтен бас тартуға құқылы. Электрондық қызметтен бас тарту Kaspi-дің мекенжайына хабарлама жіберу арқылы жазбаша түрде ресімделеді.
- 12.2. Серіктес Kaspi Pay-да қызмет көрсетуден бас тартқан жағдайда, қызметті өшіру жазбаша қызметті өшіру туралы өтініштің негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Тараптардың барлық қаржылық және өзге міндеттемелері толық көлемде орындалуы керек.
- 12.3. Пайдаланушы Шот бойынша Операцияларды/Транзакцияларды жүргізу туралы мәліметтерді, сондай-ақ Call Center арқылы немесе техникалық мүмкіндік болған кезде Жеке кабинетте Серіктестерге БҚКШ-да көзделген өзге мәліметтерді алу бөлігінде Ақпараттық Қызметтерден бас тартады.

13. Шетел валютасында Электрондық төлем қызметін көрсеткен кезде қолданылатын айырбастау бағамын анықтау тәртібі

- 13.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе шартта көзделген жағдайларда, шоттың валютасынан басқа валютада немесе шетел валютасында төлем қызметін көрсеткен кезде Kaspi аударым жіберілген күні белгіленген корреспондент банктің айырбастау бағамын қолданады. Серіктестің шотының валютасында ақшаны есептен шығару Kaspi-дің корреспонденттік шотынан корреспондент банктің бағамы бойынша төлем есептен шығарылған күні жүргізіледі. Егер Шотқа түсетін ақшаның валютасы Шоттың валютасынан өзгеше болса, Kaspi түсетін ақшаны айырбастайды және Kaspi Шотқа ақша аударған күні Kaspi-дің ішкі талаптарына сәйкес белгіленген валютаның айырбастау бағамы бойынша Шоттың валютасында Шотқа ақша аударады. Егер Kaspi-де Шотқа түсетін ақшаның валютасы үшін айырбастау бағамы белгіленбесе, Kaspi төлем құжатын орындаудан бас тартуға құқылы.
- 13.2. Төлем қызметін көрсеткен кезде Kaspi қолданатын ағымдағы айырбастау бағамын Kaspi Сайтта және/немесе Kaspi-дің бөлімшелерінде стендтерде жариялау арқылы Серіктестердің назарына жеткізеді.

* * *